



## БҮЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

«20 05 2024 жылы №89

Астана қаласы

### «Арнайы білім беру үйымының ұздік педагогі» қалалық байқауының қорытындысы туралы

«Арнайы білім беру үйымының ұздік педагогі» қалалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) қорытындысы бойынша Қазылар алқасы отырысының (10.05.2024 ж. №3 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Байқау Ережесіне сай номинациялар бойынша ең жоғарғы ұпай жинаған қатысушылар диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталсын:

1) «Арнайы мектептің ұздік педагогі (мұғалімі)» номинациясы бойынша жеңімпаз – Сыздыкова Айна Муратовна, №3 арнайы мектеп педагогі;

2) «Арнайы балабақшаның ұздік педагогы (тәрбиешісі)» номинациясы бойынша жеңімпаз – Серикбаева Мәлдір Куралибековна, №96 «Аяла» балабақшасының тәрбиешісі;

3) «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің ұздік педагогі» номинациясы бойынша жеңімпаз – Куаныш Үлан Куанышұлы, №1 Арнайы мектеп-интернатының арнайы педагогі.

2. Байқау номинациялары бойынша жеңімпаздар «Арнайы білім беру үйымының ұздік педагогі» республикалық педагогикалық шеберлік байқауының II кезеңіне жіберілсін және байқауға дайындалу барысында Әдістемелік орталықтың арнайы және инклюзивті білім беру бөлім әдіскерлері тараапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

3. Есеп бөлімі байқау жеңімпаздарына сыйлықтардың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары Д. Байтасовқа жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова

001152